

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРЫ
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫММЕН ҚАМТЫЛМАҒАН
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА**

**ПРОГРАММА
ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ, ИМЕЮЩИХ ДЕТЕЙ
ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА, НЕОХВАЧЕННЫХ
ДОШКОЛЬНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ**

**Астана
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында
әзірленген

Пікір жазғандар:

Т.С. Сламбекова п.ғ.к

Г.Х. Алимова меңгеруші

М.О. Ақжигитова әдіскер

Мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға арналған бағдарлама – Астана, 2016. -42 б.

Мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға арналған бағдарлама Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі педагогика мен жас ерекшеліктері психологиясының негізгі ережелеріне сәйкес әзірленген. Бағдарлама ата-аналарға, мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарына және ЖОО мен гуманитарлық колледждердің студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (2016 жылғы 13 мамырдағы №4 хаттама) ұсынылған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
Республикалық орталығы

Түсіндірме жазба

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту - баланың үнемі өзгеріп отыратын әлемге табысты бейімделуіне жағдай жасап, ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпығаміндетті стандартын (13 мамыр 2016 жыл № 292 ҚРҰҚ) әзірлеу келесі факторлардан туындап отыр:

- мектепке дейінгі білім берумен балаларды толық қамту қажеттілігі;
- балаларын үйде тәрбиелеп отырған отбасыларына көмек көрсету;
- мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын іріктеуге арнайы қойылатын талаптар негізінде, бала дамуының ортақ кеңістігін табысты қамтамасыз ету мүмкін болады.

Мемлекеттік стандарт баланың танымдық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік және дене дамуын толыққанды қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға арналған бағдарлама мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі педагогика мен жас ерекшеліктері психологиясының негізгі ережелеріне сәйкес білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріле отырып, әзірленді.

Бағдарлама баланы мектепке даярлауға қолайлы ықпал ететін, оларға отбасында меңгеруді үйрететін қажетті дағдыларды: ата-аналарға ойын-сабақтарды ұйымдастыруға қажетті жағдаяттарды құруға; баланың жасына сәйкес және жеке қажеттіліктерін ескере отырып ойыншықтар мен құралдарды іріктеуге; мектеп жасына дейінгі балаларды дамытуға бағытталған ойындар өткізу тәсілдерін игеруге жәрдемдеседі.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға педагогика және психология негіздері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім беру мазмұнының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- балалардың жастарына сәйкес тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультативтік көмек көрсету;
- отбасында ересектің баламен бірлескен жұмысын ұйымдастыруға үйрету.

Пәнді қаншалықты меңгеретіні баланың қабілеттеріне және оның жасына, сондай-ақ оқу материалының сапасына байланысты анықталады.

Ересектер бала жасының өсуіне қарай балалар әрекеттерінің белгілі бір түрлеріне бағыттап күш салуы қажет және ол былайша жіктелуі мүмкін:

1. Мектепке дейінгі кіші жас - 1 жастан 2 жасқа дейінгі балалармен – ойындағы ересектер мен балалардың бірлескен жұмыстары;

2. Мектепке дейінгі орта жас - 3 жастан 4 жасқа дейінгі балаларға – ойын-сабақтардан жаңа білім мен біліктерді өзбетімен меңгеруге мүмкіндік

бере отырып, балаларға кітапшалардан, мультфильмдерден, дамытушы ойындардан білім алуға жәрдемдеседі.

3. Мектепке дейінгі ересек жас – 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды - ересектер балаларды сұраққа жауап беруге, есептер шығаруға, сурет салуға, құрастыруға үйретеді, жаңа материалдарды өзбетімен іздестіруге тәрбиелейді.

Ата-аналарға арналған бағдарлама ойын және оқу әрекеттерін дұрыс, кезең-кезеңімен ұйымдастыруға ықпал етеді:

1 *дайындық кезеңінде* – ересектер өздерінің әрекеттерін жоспарлайды, содан кейін өткізілетін ойын-сабақтың жеке бөлімдерін пысықтайды;

2 *тәжірибелік кезең* – ересектер баланың пассивті және белсенді сөздік қорын дамытады. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын, математикалық әрекеттер дағдысын (санау, пішін, көлем, салмақ) қалыптастырады. Жаңа ақпараттық-танымдық материалдарды салыстырады, талдау жасайды, қарапайым қорытындылар жасайды.

3 *қорытынды кезеңде* – ересектер баланың игерген материалдарын бағалайды, мектепте оқуға даярлығын анықтайды.

Отбасында баланы оқыту – алға қойылатын мәселелерді анықтайтын және шешу жолдарын табатын, ақпараттарды іріктейтін ізденіс әдістерін қамтиды.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, отбасындағы ересек пен баланың бірлесіп жұмыс істеуіне және оны ойын мен оқу әрекеттерінде басшылыққа алып, қолдануына мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже:

- балаларды отбасында тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық қолдау жасау жүйесін жетілдіру;

- педагогтар мен ата-аналардың өзара жұмысының тиімді технологияларын енгізу.

Мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға арналған бағдарлама мазмұны

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды дамытуға бағдарланған 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бойынша берілген.

Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балаларға ойын және оқу әрекеттерін ұйымдастырғанда, ата-аналар балалар әрекеттерін ұйымдастырушы ретінде, баланың қай кезде ұйықтайтынын және қашан тұратынын, тәуліктің қандай бөлігінде білім алумен айналысатынын анықтайды, аптаның ішіне ойын-сабақтарды бөліп орналастырады: қандай пәндермен күнделікті, қандай пәндермен аптасына екі рет айналысу қажеттігін шешеді.

Бала басынан бастап өз жұмыстарын: суретті үлгілі салуға, тақпақтарды беріліп оқуға, мәтінге ұқсатып және дәл қайталап, әңгімелеп беруге, есептер шығаруды сапалы бағалауға әдеттенеді. Бағалаудың мұндай жүйесі баланы шынайы нәтижеге бағдарлайды.

Ересектер жұмысының тәртібі:

үлгі бойынша жұмыс – геометриялық пішіндерді салыстыру негізінде баланың заттық-әрекеттік ойлауы дамиды.

Үйретуші ойындар балалардың танымдық қызығушылығын, көру және есту арқылы қабылдауы мен зейінін дамытуға ықпал етеді.

Саусақпен жаттығулар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болады, оның негізгі мақсаты – ұсақ моторикасын дамыту және қимылын үйлестіру.

Қимылдық ойындар балалардың мәтінді тыңдай және түсіне білуін дамытуға, сондай-ақ мәтінге сай қимылдар орындауға бағытталған.

«Денсаулық» білім беру саласы

Мақсаты: балаларды өз денсаулығына саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, қимыл белсенділігін дамыту және дене сапаларын қалыптастыру.

Дене шынықтыру ойын - сабақтары

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көмегімен бала жаттығулар жасайды: басын оңға, солға бұрады, шалқасынан жатып екпетіне, бүйіріне аударылады, допты екі қолымен және бір қолымен ұстауды орындайды; көлемі әр түрлі доптар мен шарларды жинайды. Бала өзбетімен шарларды домалатады; допты екі қолымен алға қарай лақтырады; допты алға қарай (отырып, тұрып) домалатады; допты төменге, алысқа лақтырады, еңбектейді, қарапайым ойындарды, би элементтерін қолданады. Ересектер екі қолымен орташа допты, ал кішкене допты - бір қолымен (бірде оң, бірде сол) алысқа қалай лақтыратынын көрсетеді. Ересектер доптың түсі мен көлемін атайды, бала оны қайталайды және ересек адам көрсеткендей допты лақтырады. Ересек адам жаттығулар: қолын көрсетеді, ол үшін бала алақанын үстіне қаратып, қолын алға қарай созады да, «Міне» деп айтуы керек,

аяқтарымен қалай адымдауды көрсетеді, ол үшін бала қолдарын сермей отырып, кезекпен аяқтарын көтеріп орындауды ұсынады.

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалар. Бала өзбетімен жүреді, жүгіреді, өрмелейді, еңбектейді, орнында тұрып секіреді, допты домалатады, допты басынан асыра және кеуде тұсынан екі қолымен лақтырады, ересектің лақтырған добын қағып алады. Ересектердің өтініші бойынша бала жәшікке 50 см шамасындағы қашықтыққа (ересектер қайда тоқтау қажеттігін көрсетеді) жақындайды, ересек адамның қолындағы допты алады да, үстіңгі жағынан ұстап оны оң, сол қолымен кезекпен жәшікке (себетке) лақтырады. Ересектердің көрсетуімен немесе ауызша бұйрығымен: аяқтарын алшақ қойып, қолын төмен түсіріп, қолын екі жанына сермеп (ұшақтың қанаттары), қолын жіберіп (ұшақ ұшып кетеді) «ұшақты» бейнелейтін жаттығулар орындайды.

Аяқтарын алшақтатып, қолдарын артына қойып, алға қарай сәл еңкейіп, түзеледі «құламайтын» қуыршақты бейнелейді.

3 жастан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересек қимылдың негізгі түрлерін: жүру, жүгіру, секіру, көздеп дәл лақтыру, допты лақтыру және қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындауды ұсынады. Ересектердің көмегімен бала шанамен сырғанайды, үш дөңгелекті велосипед тебеді, әткеншекпен тербеледі. Ересек адам текшелерді бір-бірінен алшақтатып орналастырады да, олардың үстіне рейка қояды, сонда бірнеше «қақпа» пайда болады. Бала допты қақпаның астынан өткізіп, өзі соңынан жүгіреді. Қақпадан еңбектеп өтіп, бала бойын тіктейді, допты қуып жетеді және оны бастапқы орнына қайта әкеледі. Ересек адам балаға: аяқтарын алшақтатып, қолын арқа жағына қояды да, басын төмен түсірмей, қолын шапалақтап «алақай-алақай» деп айтуы қажет; орындыққа отырып, алға қарай еңкейеді, оң аяғындағы тәпішкесін сипайды да, тіктеледі, алға қарай еңкейіп сол жақ аяғындағы тәпішкесін сипайтын жаттығулар орындауды ұсынады.

4 жастан 5 жасқа дейінгі балалар. Бала алуан түрде ұйымдастырылған қимылдық әрекеттерді дұрыс орындайды, жүретін және жүгіретін, секіретін және дәлдеп лақтыратын, допты лақтыратын және қағып алатын, еңбектейтін және өрмелейтін негізгі қимыл түрлерін орындайды. Ересектердің көрсетуімен немесе ауызша бұйрығымен шаңғы тебеді, жүзу бойынша күрделі емес бірнеше жаттығуларды орындайды, қимылдық ойындарға қатысады. Ересек баладан алыстап, оған допты лақтырады және «алысқа лақтырамыз, жоғарыға лақтырамыз» дегенді айтады. Ойынды үйде және көшеде ойнауға болады. Ересектер балаға жаттығуларды: тікесінен тұратын, қолын иығына қойып, шынтағын төмен түсіретін, бала қолын жоғары көтеріп, демін ішіне алатын, қолын төмен түсіріп демін шығаруды орындауды ұсынады. Бала алға қарай еңкейіп, сол жақ өкшесінің ішкі жағына оң қолын тигізеді, содан кейін тіктеледі, одан кейін еңкейіп, оң жақ өкшесінің ішкі жағына сол қолын тигізеді.

5 жастан 6 жасқа дейінгі балалар. Ересек баланы тұрмыстағы, көшедегі, табиғат жағдайларындағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларымен

таныстырады және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимылдық тәжірибелерін байытады. Бала өзбетімен шаңғы, коньки, шанамен сырғайды, екі дөңгелекті велосипед тебеді. Ересектердің көмегімен жүзуді біледі, тенниспен, баскетболмен, волейболмен, көркем гимнастикамен, акробатикамен айналысады.

Қимылдық ойындарға қатысады: «Доп жоғары қарай!» деген сөз айтып ересек допты лақтырады, осы кезде бала неғұрлым алысқа қашуы тиіс. Ересек допты қағып алып, «Тоқта!» деп айқайлайды. Бала тоқтауы қажет, ал ересек сол орнынан қозғалмай балаға допты лақтырады.

«Қатынас» білім беру саласы

Мақсаты: мемлекеттік тілде және басқа тілдерде айналасындағы адамдармен тілдесуге қабілетті бала тұлғасын тәрбиелеу.

Тіл дамыту ойын-сабақтары

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектер заттардың атауын білдіретін, түсінетін сөздер қорын молайтады. Ересек баланың белсенділігін ынталандыра отырып, өзі үлгі болып әрекеттер көрсетеді. Ересек сөздерді өзара байланыстырады және баладан оны қайталауды өтінеді.

Бала ересектермен бірге суреттерді, кітапшалардағы иллюстрацияларды қарастырады, ересек бейнелеудің: алдыңғы қатардағы, артқы қатардағы, ортасындағы негізгі элементтерін көрсетеді.

2 жасан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересектер баланың пассивті және белсенді сөздігін дамытуға ықпал етеді, сөз тіркестерін айтуға үйретеді. Бала өзіне қаратып айтылған сөзді түсінеді. Ересек балаға суреттерге зер салып қарауды ұсынады және ненің бейнеленгенін көрсетуді өтінеді. Өзімен бірге сөздерді қайталауды ұсынады. Ересекпен бірге бала бейнеленген суретті сипаттайды.

3 жасан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көрсетуімен немесе ауызша бұйрығымен балалардың коммуникативтік дағдылары мен біліктері дамиды. Бала құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасайтын тілді меңгереді. Таныс заттардың арасында байланыс орнатады, сөзбен жеткізе алады. Суреттер жиынтығының ішінен біреуін алу және ондағы заттар мен бейнелердің орналасуын қарастыру ұсынылады. Содан кейін бала не бейнеленгені туралы әңгімелеп беруі қажет. Ересектермен бірге суретті сипаттайды, мазмұны бойынша шағын әңгіме құрастырады. Бала көргендерін жалпы негізде жаңғыртып айта алғанша жаттығуды қайталай берген дұрыс.

4 жасан 5 жасқа дейінгі балалар. Бала әртүрлі әрекеттерде ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасайды. Ересек оқу әрекеттерін таныс материалдардан бастайды, содан кейін ғана күрделірек жаттығуларға ауысады. Ұсынылған бастамасы мен соңы бар тақырыпқа бала әңгіме құрастырады. Ересек баланы сөзге дыбыстық талдау жасауға дайындайды, сұрақтар қояды: Сөздің басында қандай дыбыс есіледі? (аққұтан, күркетауық, үйрек, қалбыр, себезгі, пияз). Сөздің соңында қандай дыбыс есіледі? (мысық, гүл, мұрын, шар, ай, терезе). Ересек адам қажетті дыбысты

дауысымен айқындайды және бірнеше рет қайталайды (жжжапалақ, шшшшшық, қоооян, зебббра, балапппан, құлақшшшын, бббақа, кккесе, шшшшортан). Ересектер балаға ол үшін қиын дыбыстары бар сөздерді өзімен бірге қайталауды ұсынады.

5 жасан 6 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көрсетуімен немесе бұйрығымен балада сөздерді түсіну және тілдесуге қажетті сөздерді қолдану дағдылары пайда болады. Бала әртүрлі заттарды сипаттайды, белгілі тақырыптарды түсінеді және меңгереді; «Неліктен? – деп сұрақ қояды; қоршаған орта туралы түсініктері, білімдері қалыптасу барысында сөздік қоры кеңейеді, заттардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары және себеп-салдарының байланыстары бекиді. Ересек баланы күрделі сөздермен (*самауыр, суңгуір, еттартқыш, мұзжарғыш, өзісырғанайтын, жерталғамайтын машина*) таныстырады, баламен әрбір сөздің қандай сөзден тұратынына талдау жасайды. Ересек балаға таныс басқа да қиын: телефон, магнитофон, микроскоп, теледидар сөздерін, олардың шетел тілінен пайда болғанын түсіндіреді. Ересек адам балаға күрделі сөздерді өзімен бірге қайталауды өтінеді. Әрбір сөзді бірнеше рет, оны буынға бөліп, әр дыбысты анық айтады.

Көркем әдебиет ойын-сабақтары

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектермен бірігіп иллюстрацияларды, картиналарды қарастырады, оларға айтылған пікірлерді тыңдайды. Ересектер мазмұны балаларға түсінікті ертегі, әңгіме, тақпақ, әлдилерді тыңдауға және түсінуге жағдай туғызады. Шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық тудыратын, халық шығармашылығына, өлең, тақпақтарының әуеніне және ырғағына эмоциямен жауап беру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Ересектер ертегіні оқиды, баламен бірігіп жаттайды.

2 жасан 3 жасқа дейінгі балалар. Бала таныс шығармаларды тыңдайды және суреттерді қарастырады. Бала ертегі, әңгіме, тақпақ мазмұнын түсінеді және әрекеттердің дамуын қадағалап отырады. Ересектер ертегіні оқиды, баламен бірігіп өлең жаттайды.

3 жасан 4 жасқа дейінгі балалар. Бала ертегі мазмұнын тыңдайды, түсінеді, бейнелі сөздерді есіне сақтайды. Ересектер әдилерді, тақпақтарды асықпай, анықтап, мәнерлеп оқиды және баланың кітаптарға деген қызығушылығына қолдау жасайды. Ересектер ертегіні оқиды, баламен бірігіп өлең жаттайды.

4 жасан 5 жасқа дейінгі балалар. Ересектер баланы түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстырады, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға береді, әңгіме, ертегілер мазмұнын, олардың тақырыптарын салыстырады. Бала кітапқа қызығушылық білдіреді. Ересек балаға әлдің, өлең, ертегілер мағынасын түсініп есте сақтауға, таныс ертегі мазмұнын әнімелегенде бірізділігін сақтауға, кейіпкердің мінез-құлқын бере білуге үйретеді. Ересектер ертегіні оқиды, бала ертегінің мазмұнын айтып береді, ересек баламен бірігіп өлең жаттайды.

5 жастан 6 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көмегімен әдеби жанрларды: ертегі, әңгіме, тақпақтарды түсінеді және көркем бейнелермен танысады. Ересектер қоғамдық өмірдегі оқиғаларды, табиғаттағы, айналадағы шынайылықты, қазақ халқының тіршілігі мен тұрмысының ерекшеліктерін, біздің республикамыздағы түрлі ұлттар туралы бейнелейтін әдеби шығармалармен таныстырады. Ересектер оқуға деген ынтасын қолдайды, қабылдауын, зейінін, ойлауын дамытады, бала оқу дағдыларын меңгеруге тырысады. Ересектер ертегіні оқиды, бала мәтінге ұқсатып айтып береді және баламен бірігіп өлең жаттайды.

«Таным» білім беру саласы

Мақсаты: танымдық әрекет дағдыларын меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру.

Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыратын ойын-сабақтары

1 жастан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектер қабылдауын, зейінін, ойлауын дамытатын сенсорлық салаларының дамуына қажетті жағдайлар жасайды. Баланы заттардың түсін, пішінін, көлемін ажыратуға үйретеді. Сенсорлық дамыту бойынша ойын-сабақтарда ересектер баланы геометриялық пішіндермен (текше, кірпіш, шар) таныстырады. Бала ересектермен бірге пішіндердің үлгілерін қарастырады, салыстырады (сопақ пішінді дөңгелекпен, шаршыны төртбұрышпен), пішіндерді жұптап салыстырады. Пішіндерді сипап, көру арқылы танып білуді ұйымдастырады. Бала үлгінің айналасын, беткейін қолымен сипалап пішінді жалпы қабылдайды.

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көмегімен ойыншықтарды, жемістерді, заттарды санауға болатынын түсінеді; үйдегі бірлескен жұмыстар кезінде заттардың белгілі бір санын санап алып келуді біледі. Ересектердің көрсетуімен немесе ауызша айтуымен үлкен түйіншекті немесе кеңдеу тасымалдайтын құралды салыстырырып әкеледі. Ересектердің көмегімен бір сенсорлық белгісі бойынша біртекті заттарды топтастырады. Мысалы, әртүрлі түсті үш және одан да көп пирамидалардың кішірейетін бөлшектерінің 2 қасиетін қарапайым кезектестіру ұстанымы бойынша (түсі мен пішіні, пішіні мен көлемі, көлемі мен түсі бойынша) құрастырады. Заттардың геометриялық пішіндерге ұқсастығын табатын ойындар өте пайдалы: ересек адам баладан сопақшаның (қиярға, қауынға, жұмыртқаға), үшбұрыштың (үйдің шатырына, пирамидаға), шеңбердің (күнге, допқа) неге ұқсайтынын сұрайды.

3 жастан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересектер сенсорлық қабілеттерін дамытуға, талдау жасай білуге ықпал етеді, жиынтық туралы қарапайым түсініктермен таныстырады. Ересектердің көмегімен өзіне тікелей қатысты кеңістіктік бағыттарды анықтайды. Бала заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастырады. Бала өз денесінің бөліктерін табады және атайды (басы, аяқтары, қолдары). Ересек тірі және өлі табиғатпен, табиғатта өзін қалай ұстау қажеттігін және қарапайым өзара байланыстар туралы таныстырады.

Ересектер баламен баламен бірге санауға арналған құралдар (түрлі түсті дөңгелектер, текшелер, қағаз жолақтарын; «Лото» және «Дойбы» ойындары) дайындайды. Ересектер баламен бірге заттардың, суреттердің, пішіндердің топтарын салыстырады, мысалы ересек адам үстелге үш қызыл, оның астына бір көк шеңберді қояды. Бала қайсысының көп, қайсысының аз екенін салыстырады. Ересек түсіндіреді: және қызыл шеңбердің көп, көк шеңбердің біреу деген қарапайым қорытынды жасайды. Егерде бала пішіндерді таяқшалардан құрастырса, ермексаздан мүсіндесе, қағаздан қиса немесе құрастырса геометриялық пішіндермен таныстыру табысты болады.

*4 жас*тан *5 жасқа дейінгі балалар*. Бала 3,4,5 көлеміндегі заттарды үлгі бойынша және аталған саны бойынша санайды. Ересектер цифрлар мен сандардың қатынасын түсіндіреді. Өзіне тікелей қатысты кеңістіктік бағыттарды бағдарлай білуі дамиды. Бала заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастырады. Бала өз денесінің бөліктерін табады және атайды (басы, аяқтары, қолдары). Тәулік бөліктерін: таңертеңгілік, күндіз, кеш, түнді атайды. Адамдардың қандай жағдайда реттік санауды қолданатыны туралы балада түсінік болуы қажет. Ерекше санауды қажет ететін «Нешінші?», «Реті бойынша қандай?» сұрақтары балаға түсіндіруді қажет етеді. Сондықтан да қатардағы әр зат өзінің номерін алады және «Нешінші орында» немесе «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беретіндей айтарлықтай маңызы бар санау бағыты болады. Реттік номерін анықтау үшін солдан оңға қарай санау қабылданған. Ересек адам санау үшін түсіне және басқа ерекшеліктеріне қалай өзгеретінін көрсету үшін заттарды іріктейді. «Біреу», «екеу», «үшеу», «төртеу» «бесеу» т.с.с.

Ересек балаға үстелдің үстіне текше қоюды ұсынады және сұрақ қояды: Үстелде қанша текше бар? Заттардың саны таңбалармен белгіленеді. Ол таңба «цифр» деп аталады. «Бір» цифры – заттардың саны – бір текше екендігін белгілейді. Одан кейін балаға 1 цифрын көрсетуге, оны боятуға болады. Дәл осылай басқа цифрлар таныстырылады. Ересек қызықты ойындар мен, мысалы, құрастырылған пішіндегі үшбұрыштар мен шаршылардың санын анықтауды немесе белгілі бір пішіндерден тұратын суретті табатын геометриялық мазмұндағы жаттығулар ұйымдастырады. Мұндай тапсырмалар баланың математикалық білімге қызығушылығын дамытады, ақыл-ой қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді.

*5 жас*тан *6 жасқа дейінгі балалар*. Ересектер қарапайым математикалық түсініктермен таныстырады. Оңға дейінгі сандарды тура және кері бағытта санауға үйретеді. Бала геометриялық пішіндерді (үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер) ажыратады. Ересектердің көмегімен сызғышты, жіпті, таяқшаны пайдаланып ұзындықты, енін, биіктігін өлшейді. Бала заттарды салыстырады: үлкен-кіші, кең-тар, биік-аласа. Ересек баланы қағаз парағында бағдарлау дағдысына үйретеді. Тәуліктің таң, күндіз, кеш, түн болып бөлінетінін түсіндіреді. Апта күндерін, жыл мезгілдерін бірізділікпен атауға, үйретеді, алақанға салып салмақтап, салмақтары бірдей және әртүрлі заттарды анықтай білуге үйретеді. 0 цифрымен таныстыру үшін, ересектер балаға

қораптағы конфетті (4 дана) санауды, сонан кейін оларды туыстарына: бір конфетті анасына, екіншісін - әкесіне, үшіншісін – әжесіне, төртіншісін- атасына сыйлауды ұсынады. Қорапта ештеңе қалмады. Мұны цифрмен жазуға болады, жазғанда «ештеңе» 0 цифрымен таңбаланады. Ноль басқа цифрлардың сол жағында ең бірінші тұрады: 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9. Ересек адам балаға «артық», «кем», «сонша» ұғымдарын ұсақ заттармен (түйме, таяқша, тастар, геометриялық пішіндер) таныстырудан бастаған дұрыс. Ересек адам балаға төрт дөңгелекті және үш шаршыны санап алып, оларды екі қатарға, астына - шаршыны, үстіне – дөңгелектерді қойып жұптап орналастыруды ұсынады. Бала бір дөңгелекке жұптастыруға шаршы жетпей қалғанын көреді. Яғни, шаршыға қарағанда дөңгелектер артық, ал дөңгелекке қарағанда шаршылар кем болды. Егер бір дөңгелекті алып тастасақ, шаршылар қанша болса дөңгелектер сонша болады.

«Шығармашылық» білім беру саласы

Мақсаты: баланың эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдай білу мәдениетін дамыту.

Сурет салу ойын-сабағы

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектер баланың бейнелеу үшін қолданылатын құралдар мен материалдар туралы ұғымдарын дамытады.

Қарындашпен сурет салу. Ересектер қарындаштың қағаз бетіне қалай із салатынын көрсетеді, балаға қатты баспай – күнді, бұлтты, үйшіктің суретін салуды үйретеді. Ересек адам балаға алдын-ала салынған суретті жасыруды (штрихтауды бояуды) ұсынады, мысалы тышқанды мысықтан.

2 жасан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересектер сурет салғандағы дұрыс отыру қалыпын көрсетеді, сурет салу техникасын жетілдіреді.

Қарындашпен, фломастермен сурет салу. Ересектер таяқшаның сызбасын салып, балаға жоғарыдан төменге қарай сурет салуға үйретеді. Таяқшаның басы мен соңын нүктемен белгілейді де балаға олардың арасына сызық жүргізуді сұрайды. Бала тура, тігінен, көлденеңінен, толқын тәрізді және тұйық дөңгеленген сызықтарды ырғақты қимылды қайталай отырып жүргізеді. Ересек адам балаға белгілі бір тапсырма бермейді, сурет салып бітірген соң, одан нені салғанын сұрайды. Егерде жауап беруге қиналса, ересек адам бірнеше жауап нұсқасын ұсынады: «Бұл мүмкін балық немесе құс па?» Бала мазмұнын анықтаған кезде, жетіспейтін бөлшектерін салып аяқтайды(балықтың құйрығын, мысықтың-құлағын).

3 жасан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересектер пішінін, түсін, бөліктерінің орналасуын бере отырып, қарапайым заттардың, құбылыстардың, ертегі кейіпкерлерін бейнелеудің біліктері мен дағдыларын дамытады. Бала негізгі: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ түстерді таниды және атайды. Бала асфальтқа бормен, құмға таяқшамен сурет салады.

Фломастермен және бормен сурет салу. Бала қарапайым, сынық немесе ирек сызықтарды, үшбұрыштардың, шаршының, шеңбердің суретін салады. Ересектер ауызша айтып, көрсетеді: жаңа қимылдарға баланың қолдары

дағдылануы үшін суретті баяу салады. Ересек балаға суретті саусағымен (бір немесе бірнеше), сондай-ақ алақанымен салуды ұсынады. Бұған кез-келген қағазды, бояуды қолдануға болады. Егерде алақанмен жұмыс жасайтын болса бояу болса жайпақ ыдысқа, ал су жайпақ ыдыс немесе банкаға құйылады. Әр саусақ белгілі бір бояуға батырылады («Көйлекті әшекейі», «Қоянның іздері», «Терезедегі жарық», «Шыршаның шамдары жанды», «Қар жауып тұр», «Қақпашылар», «Шөп», «Гүлдер»).

4 жасан 5 жасқа дейінгі балалар. Ересектер әртүрлі бағыттарға тура сызықтар жүргізу, оларды қиылыстыру біліктерін дамытады. Бала дөңгелек пішіндегі заттардың (көкөністер мен жемістер, ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар) суретін салады.

Қарындашпен, фломастермен және бояулармен сурет салу Бала ересектердің үлгісі бойынша немесе сыртқы бейнесін көру арқылы мәнерлі бейненің суретін салады. Ересек қағаз парағын тігінен орналастырып, баланың композицияларды орналастыру біліктерін дамытады. Заттардың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейтеді: әртүрлі көлемдегі сопақшалар негізінде қонжықтың мәнерлі бейнесін құрастырады, ойыншықтардың сыртқы түріне қарап немесе елестетуі арқылы сурет салады. Композиция салу біліктерін дамытады - қағаз парағын тігінен орналастырып, парақтың үстіңгі бөлігіне басын салады, парақтың ортасына денесін салып, дене бөліктерінің пропорциясын бере біледі. Ересектер аюды салуды кезеңдерге бөліп ұсынады:

- кіші сопақшаны- аюдың басының суретін салады;
- үлкен сопақшаны – қонжықтың денесін салады;
- төрт аяғы мен дөңгелек құлақтарын салады;
- көңілді бейнесін безендіреді;
- қонжыққа шорты немесе комбинезон кигізеді;
- киімді жолақтармен және ноқаттармен безендіреді.

5 жасан 6 жасқа дейінгі балалар. Бала өзбетімен өнер туындыларын оның түрлерін қарастырады. Ересектер мәнерлілік құралдары (ырғағы, түсі, пішіні, композициясы) мен мазмұнына назар аударады. Бала жануарлардың, адамдардың, ойыншықтардың сыртқы түріне қарап және елестете отырып, суреттерін салады, күрделі емес қимылдарын көрсетеді, кейіпкердің бейнесін, қимыл кезіндегі қолы мен аяқтарының қалыптарын өзгерте отырып, заттардың пропорциясы мен көлеміндегі айырмашылықтарын бере біледі, жиектерін қарындашпен жеңілдеп жүргізеді, акварелді палитрада сумен езіп, қажетті тығыздықтағы бояу алады.

Қарындашпен, фломастермен және бояулармен сурет салу Бала қағаз парағына сыртқы түріне қарап, заттың жалпы пішінін салады, бейнеленген затты штрихтауға тырысады, қарапайым түрдегі өрнектерді салады, тура, ирек, жіңішке, жуан сызықтарды, сақиналарды, әртүрлі көлемдегі шеңберлерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақпен орналастырады, ағаш бұтағына қарап салады, жапырақты немесе гүлді бұталарды, бірнеше бөлме гүлдерін салады.

Ересектер сыртқы түріне қарап сурет салу кезеңдерін түсіндіреді:

- бейнелейтін затты орналастыру кезеңі: бейнелеуге ыңғайлы болу үшін, затты оның үш есе көлеміндей арақашықтыққа орналастыру қажет;
- екінші кезең – қағаз парағына заттың жалпы пішінінің сызбасын салу, яғни оларды қағаз парағына дұрыс орналастыру;
- үшінші кезең-бейнеленетін заттың көлеңкесін салу.

Мүсіндеу ойын-сабақтары

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересектер баланы сазбен, оның қасиеттерімен таныстырады; Бала алақанына сазды салады; алақандарының арасына салып «шариктер» жасап уқалайды. Бала бала жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндейді. Ересектер әртүрлі материалдармен: ермексаз, қамыр, жабысқақ қар, ылғал топырақты өз қалауы бойынша және кез-келген пішін бере отырып, әрекет етуге мүмкіндіктер береді.

2 жасан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересектер ермексаз, қамыр және олардың қасиеттері туралы білімді толықтырады, құрғақ құмды, қарды, жарманы, ұнды салыстырады. Саз және ермексаздың көмегімен тәжірибелерін байытып, біліктерінің аясын кеңейтеді. Техникалық дағдыларын дамытады. Бала қарапайым және күрделірек пішіндегі заттарды – торттарды, самсаларды, бутербродтарды, макарондарды мүсіндейді. Мүсіндеуге арналған жұмсақ қамыр мен ермексаздан мүсіндейді, мүсіндеуге арналған қамырға барлық заттардың таңбаларын салуға, жай ғана оқтаумен жазуға және сынақ жүргізуге болады.

3 жасан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересектер саздың, қамырдың, ермексаздың бөліктерін шымшылау, үзіп алу, созу тәсілдерін қолданып көкөністер мен жемістерді, бірнеше заттарды, азық-түлік өнімдерінің бейнесін келтіріп, бөлікті алақандарының және жазық беткейдің арасына салып, тура және дөңгелек қимыл жасап жаза білуі арқылы мүсіндеу дағдыларын дамытады; күрделі емес заттардың элементтерін біріктіріп ыдыс, ойыншықтарды мүсіндейді. Ересек адам ермексаздан картина салуды ұсынады. Ересектер суретін салады немесе түрлі түсті қағазды желімдеп: алмасыз алма ағашын, шарлары ілінбеген жаңа жылдық шыршаны, ақ ноқаттары жоқ саңырауқұлақты, қара нүктелері жоқ ханқызын дайындап береді. Бала ермексаздан шариктер мен таяқшалар жасайды және дайындап бергендерін толықтырады.

4 жасан 5 жасқа дейінгі балалар. Ересектер ермексазбен жұмыстың техникалық: жұмсарту, жалпайту, шиыршықтау, созу дағдыларымен екі бөліктен тұратын заттардың пропорцияларын сақтай отырып алақан мен саусақ қимылдарын қолданып, ермексаздан, саздан, қамырдың кесегінен адам пішіндерін жасап балаларды таныстырады. Бала түрлі тәсілдерді қолданып, бейнелер құрады. Ересек баламен бірігіп ермексаздан және табиғи материалдардан бөлшектер әзірлейді: картон бетіне ермексазды жағады және ермексаздың үстіне жармадан, дәндерден және макароннан мозаика жасайды. Ермексаздан жасалған тағамдар дүкен немесе кафедегі қуыршаққа қонаққа келетін ойындардың үлгісі болады. Қуыршақтарға арналған пирогты бірнеше

тең бөліктерге бөліп, бөлшектер және үлес туралы мен ұғымдарға ие болады, ал қонақ - ойыншықтар мен тоқаштарды салыстырып, санай білуді үйренеді.

5 жастан 6 жасқа дейінгі балалар. Бала өзбетімен техникалық дағдыларды қолдана отырып, ермексаздың кесегінен сыртқы түріне қарап және ойша елестетіп түрлі пішіндегі және көлемдегі көкөністерді, жемістерді, бірнеше заттарды, азық-түлік өнімдерінің бейнесін келтіріп, бөлікті алақандары мен саусақтарын қимылдата отырып жасайды. Бала өзбетімен қарапайым пропорциясын сақтай отырып адамның, жануарды елестетуі арқылы мүсіндейді. Көшеде, үйде көрген заттарын, өзі бұрын бақылаған заттардың бейнесін береді. Заттарды түрлі қалыптан мүсіндейді. Бейненің жеке ерекшеліктерін өздігінен таба алады, ылғал шүберекті, кескішті қолданады. Ермексаздан жасалған пішіндермен ересектер қойылымдар жасайды.

Жапсыру ойын-сабақтары

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көрсетуімен және ауызша нұсқауларымен қағаз парағында (жолақта, шаршыда) бейнелерді орналастырады және құрастырады, барлық жаңа заттарға қызығушылық танытады: пішіндер ірі, ашық түсті болуы керек, қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады: машиналар, үйлер, шарлар, доптар, гүлдер, ұлттық бас киімдер. Ересек үйді бейнелеуді ұсынады: түрлі түсті қағаздан шаршыны, үшбұрышты және бірнеше тікбұрыштарды (терезелер және есіктер) қиып алады. Қағазды қиып алуды балаға түсіндіреді, шығармашылық бастауын дамыту үшін баланың өз «үйін» құрастыруына мүмкіндік береді.

3 жастан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің көмегімен дайын пішіндерден заттардың бейнелерін құрастырады. Ересек баламен бірге ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және жапсырады, бейнелейтін заттарға сәйкес түстерді таңдайды. Бала желімді қылқаламмен ұқыпты алады, клеенкаға орналастырылған дайын пішіндерге жағады, желімнің қалдықтарын кетіру үшін шүберекті пайдаланады, түсті бөлшектерді еркін түрде жапсырады, суретті қиялынан және ойынан шығарады (адамның, жануардың, өсімдіктің сұлбасы, үй немесе автомобиль). Гүлді дайындауды түймедақтан бастайды: ересек шеңбер және бірнеше сопақ-жапырақтарды қиып алады, жолақты ортасынан бүктейді және тағы да 2 рет ортасынан бүктейді, салынған кескіні бойынша қиып, бірден 8 бірдей жапырақтарды қиып алады. Бала жапырақтарды ортасына және екі жапырақты - үлкен және кіші жапырақты жапсырады.

4 жастан 5 жасқа дейінгі балалар. Ересектер бұрыштарын бүктеу арқылы шаршыдан дөңгелек пішіндерді және тікбұрыштан сопақша пішіндерді қиып алуды көрсетеді. Бала ересектің көмегімен элементтерді жапсырады, желімді, шүберекті пайдаланады. Ересектер қайшымен жұмыс жасағанда сақ болуды: қайшыны сілтемеуді, қайшыны сақиналарынан ғана ұстау керектігін ескертеді. Ересек жапсырудың күрделі нұсқаларын ұсынады: жеке қиылған бөлшектерден тұтас суреттер құрастырады. Ересек түрлі түсті қағазды қияды, бала бейнеленген затқа ұқсас геометриялық пішіндерді үлкен

параққа жапсырады. Ересек баланың дұрыс тандағанын және жапсырғанын тексереді. Ересек түрлі түсті қағазға түрлі өлшемді сопақшалар мен дөңгелектердің, әртүрлі жануарлардың (аю,ит, мысық) суретін салады. Қиылған пішіндердің көмегімен балаға пирамиданы қалай дұрыс жинау керектігін көрсетеді, содан кейін балаға тапсырманы дербес орындауды және «пирамиданы» қағазға жапсыруды ұсынады. Баланы заттардың көлемдерімен, жүйелілік ұғымымен және кеңістіктік қатынаспен (үстінде, астында, жоғары, төмен) таныстырады.

5 жасан 6 жасқа дейінгі балалар. Ересектердің ауызша нұсқауларымен пропорциясын, құрылымын, түрлі заттардың бөліктерінің кескінін, көлемдері бойынша заттарды сәйкес формада, жапсыруды құрастырады. Түрлі түсті қағаздың бөліктерін белгілі реттілікпен: өрнекті түстерді кезектестіріп немесе нақты бейнені толтырып жапсырады. Бала негізгі пішіндерді жапсырғаннан кейін, жеткіліксіз бөлшектерін өзі салып аяқтайды. Бала жолақтардан тікбұрыштарды қиып алады; шаршыларды үшбұрыш етіп қияды, шаршының немесе тікбұрыштың бұрыштарын кесіп, дөңгелек және сопақша пішіндерді қияды. Ересектің көмегімен екіге бүктелген қағаздан түрлі бейнелерді қиып алады, екіге бүктелген қағаздан симметриялы кескінді заттарды, қағаздан бірден бірнеше бірдей кескіндерді қиып алады. Ересек қағаз парағында «толтырылған» нысанның кескінін (күзгі жапырақтар, ыдыстар және басқа нысандар) салады, бала түрлі түсті қағаздан ұсақ бөліктерді қиып алады және салынған затқа жапсырады.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы

Мақсаты: жағымды мінез-құлыққа және қоғамдағы қарым- қатынастарға қабілетті шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу, үлкендерді сыйлауға, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Айналамен таныстыру ойын-сабақтары

1 жасан 2 жасқа дейінгі балалар. Ересек: өзі туралы, өзінің есімі; өзінің әрекеттері туралы (қолын жуады, тамақтанады, ойнайды, киінеді, шомылады); тілектері туралы (қыдыру, ойнау); жақын адамдары, отбасы мүшелері туралы (ана, әке, әже, ата); заттық орта - ойыншықтар, тұрмыстық заттар, тамақ, жеке заттары туралы қарапайым ұғымдармен таныстырады. Ересек затты атайды, бала оны көрсетеді. Ересек баланы үй жануарларымен (ит, мысық, әтеш, тауық) таныстырады, олардың төлдерін дұрыс атайды. Өсімдіктер мен жануарларға қызығушылықтарын дамытады, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелейді.

2 жасан 3 жасқа дейінгі балалар. Ересек баланы жақын айналасымен: туыстық қатынастармен, отбасы мүшелерінің жас мөлшерлерімен таныстырады, тілдік қарым-қатынасқа деген қажеттілікті дамытады. Бала айналасындағы ойыншықтармен, заттармен олардың ерекшеліктеріне және қолданысына сәйкес әрекет жасайды. Ересек карточкаларды көрсетеді, бала затты немесе ойыншықты атайды, содан кейін оларды ауыстырады, біраз уақыттан соң қайтадан көрсетеді. Ересек баланы өсімдіктермен,

жануарлармен, өлі табиғат құбылыстарымен таныстырады, өсімдіктердің кейбір белгілерін дұрыс атайды (жапырақтардың, гүлдердің түстерін), бала жануарлардың қимылдарын және дауыстарын көрсетеді. Ересек «Не жоқ?» деген ойынды ұсынады: бала көзін жұмады, ересек жануарлардың біреуін алып тастайды, бала көзін ашып, қай жануардың жоқ екенін табады.

3 жасан 4 жасқа дейінгі балалар. Ересекпен бірге отбасылық суреттерді қарастырады және бала отбасы мүшелерін, олардың әрекеттерін атайды. Бала ересекпен бірлесіп заттарды қарастырады және атайды, олардың айырмашылықтарын, көлемдерін, түстерін, пішіндерін тексереді. Ересектер балабақша туралы, көлік құралдарының қолданысы туралы, балалардың тұратын қаласы немесе ауылы туралы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы түсініктерін кеңейтеді. Ересек өсімдіктердің, жануарлардың жекелеген белгілерімен таныстырады, оларды анықтайды. Бала сенсорлық эталондарды (түс, пішін, көлем) пайдалана отырып, заттарды салыстырады және оларды сыртқы белгілері бойынша топтастырады. Ересек бір өсімдікті таңдап алып, бала оның қандай өсімдік екенін таба алатындай етіп, оны суреттейді

4 жасан 5 жасқа дейінгі балалар. Ересектер баланың туыстық қатынастар жайлы түсініктерін дамытады. Бала отбасының мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атайды. Бала өзі және өзінің отбасы, отбасылық мерекелер туралы әңгімелейді. Ересекпен бірлесіп мерекелерге дайындыққа қатысады. Ересек үлкендердің еңбегімен, адамның тұрғын үйімен, бағдаршамның белгілерімен, көшеде өзін ұстаудың мінез-құлық ережелерімен, даңғыл жолмен және тротуармен таныстырады. Бала суреттерде салынған заттарды немесе ойыншықтарды атайды және суреттейді. Басында ересек затты суреттейді-бала қандай зат екенін табады, содан кейін бала затты суреттейді - ересек қай зат суреттелгенін табады. Ересектер өсімдіктер мен жануарлардың құрылымына тән ерекшеліктерімен таныстырады және тіршілік ету жағдайларына олардың тәуелділігін анықтайды. Балаға гүл дүкеніне барып, гүл сатып алуды ұсынады. Ересек өсімдіктің атын атамай, оны суреттейді, бала оны танып және атын атап, «сатып алуы» қажет.

5 жасан 6 жасқа дейінгі балалар. Ересек баланың туыстық байланыстар жайлы түсініктерін дамытады. Бала өзінің жасын, өзінің толық атын, тегін, әкесінің атын, ата-аналарының есімдері мен тектерін, отбасының басқа мүшелерін атайды. Ересек адам баланың шығу тегіне қызығушылығын дамытады, ата-аналарына және басқа туыстарына сыртқы ұқсастығын көре білуге көмектесед. Баланың отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау ниетін тәрбиелейді, үй тапсырмаларын орындайды, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне ауызша білдіреді. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын дербес анықтайды және атайды; олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды. Ересек телефонның, компьютердің, теледидардың, радионың қолданысы туралы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері жайлы білімдерін дамытады. Туған ел, мемлекеттік және халықтық

мерекелер, еліміздің рәміздері жайлы білімдерін дамытады. Ересек Қазақстан Республикасының Президенті - халыққа қызмет ететінін, өз халқының түрлі мәселелерін шешетіні туралы әңгімелеп береді. Ересектер әскер туралы, өз отанын қорғау қиын да, құрметті парыз екені жайлы әңгімелейді. Ересек адам Ұлы Отан соғысы жылдары өз Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлермен таныстыра бала тақырып бойынша карточкаларды іріктейді, жалпылама атау таңдайды және өз таңдауын түсіндіреді. Ересектер баланы жолдан бағдаршам түсінің белгілеріне сәйкес өтуді, өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістер күннің көзінен, жарықтан және жылудан тәуелді екені туралы қорытынды жасауға үйретеді. Ересек балаға өсімдікті жемістері бойынша, бүтінді бөліктері бойынша табуды ұсынады. Ересек балаға жеміс бөлігін жеп көруді ұсынады, бала қандай жеміс жегенін және оның дәмін атап беруі керек. Баланың сөздік қорын: қышқыл, тәтті, ащы, қышқыл-тәтті сөздерімен кеңейтеді.

Ата-аналарға хат

Мектеп жасына дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған ата-аналарға арналған бағдарлама балалардың жастарына сәйкес тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша жұмысқа ата-аналардың қатысу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ата-аналарға арналған бағдарлама сауат ашу негіздерін игермеген балаларға арналған,оның мазмұнын жүзеге асыру баланы мектепте оқуға сапалы дайындауға ықпал етеді.Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік мақсаттарын қамтамасыз етеді. Ата-аналарға арналған бағдарламаның ерекшелігі қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Ата-аналардың міндеті:

-баланың білімге деген қызығушылығын қолдау және оның жетістіктеріне қуана білу;

- балаларды отбасында оқыту олардың әрекеттерді дербес орындауына, ата-аналарға баланың мектепте оқуға даярлығын анықтауына мүмкіндік береді;

-бала мектепке барғанда оқыту процесіне қолайлы бейімделу үшін, арнайы біліктер мен дағдыларды меңгеруі тиіс. Бұл дағдылар мен біліктер баланың қоршаған ортада қалай бағдар жасайтынын көрсетеді, оның мектепке деген көзқарасын және білім қорын анықтауға көмектеседі.

Мектепке дейінгі жастың соңында баланың мектепте оқуға дайындық деңгейі болуы тиіс:

Денсаулық сақтау дайындығы:

- дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады;
- қарапайым гигиеналық шараларды біледі (жуыну, тістерін тазалау);
- түрлі қимылдарды орындайды (1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру, жүру, секірулер, ойындар), шағын топтармен және барлық топпен сапқа, шеңберге, қатарға тұрады, қатардағы өзінің орнын біледі.

Коммуникативтік-тілдік дайындығы:

- сөзді тыңдайды және түсінеді, диалогқа қатысады;
- тұрмыстық бұйымдарды және табиғи ортаның заттарын ажыратады;
- дыбыстарды ажыратады, сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастырады.

Танымдық дайындығы:

- 10 - ға дейін тура және кері санайды;
- тәулік бөліктерін ажыратады және атайды;
- геометриялық пішіндерді таниды және атайды;
- ересектердің еңбегі туралы біледі;
- өз елінің, туған қаласының (ауылының) атауын біледі;
- өз елінің мемлекеттік рәміздерін ажыратады, әнұранды біледі.

Шығармашылық дайындығы:

- үлгі бойынша заттардың, гүлдердің, жемістердің, көкөністердің, ойыншықтардың суреттерін салады;

- шеңберде, сопақшада, шаршыда, тікбұрышта, жолақта өрнек құрастырады;

- дөңгелек және сопақ пішіндерді қиып алады;

- шаршы мен үшбұрыштың бұрыштарын қиып алады;

- түрлі сюжеттерді бейнелей алады;

- таныс әндерді айтады;

- ырғақты қимылдарды тактпен орындайды.

Әлеуметтік дайындығы:

- жақындарына және айналасындағы адамдарға қамқорлық танытады;

- құрдастарымен бірлескен әрекетке қатысады;

- адамдармен қарым-қатынаста ненің «жақсы» және ненің «жаман» екенін түсінеді;

- еңбек тапсырмаларын орындайды, үлкендерді сыйлайды;

- әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетіне өзінің пікірін айтады.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде -

Ата-аналар білуі керек:

- ерте жастағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктерін;

- психология және педагогиканың әдістері мен тәсілдерін, жеке тұлғаның ерекшеліктерін;

- балалармен өзара іс-қимыл әдістері мен формаларын;

- ойын-сабақтардың түрлерін және олардың дамытушылық, білімділік, тәрбиелік әлеуетін;

- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды.

Орындай білу керек:

- баланың жасына және қызығушылықтарына сәйкес дамытушы ортаны құру;

- баламен ойын-сабақтарды ұйымдастыру;

- баланы дамыту, оқыту және тәрбиелеу мақсатында ойындық жағдаяттарды пайдалану;

- баланы мектепте оқытуға даярлауда оның жеке мүмкіндіктерін пайдалану.

Меңгеруі керек:

- танымдық ақпаратты пайдалану тәсілдерін;

- баланың өмірінен деректер жинақтауды, бақылау әдісін;

- балалардың дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ету үшін оңтайлы жағдай жасауды;

Түсінік болуы керек:

- жеке тұлғаны қалыптастыру факторлары туралы;

- баланың тұлғалық дамуына әсер ететін қозғаушы күштер туралы;

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда

Дағдылары болуы керек:

- барлық іс-әрекет түрлерінде баланы дамытудың қолайлы жолдарын ескеру;
- мектепте жақсы оқу үшін сапалы мектепалды даярлықпен қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы № 319-ІІІ 27.07. 2007ж.
2. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы 7.12. 2010 ж. ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы
3. Ахметов С. Қуыр-қуыр, қуырмаш//Алматы, 1993
4. Баймұратова Б. Методика развития речи//Алматы, 1991
5. Бакиров А. Ознакомление с окружающим миром//Алматы, 2002
6. Саимбекова М.С., Баталова А.Н. Математика. Методические рекомендации// Алматыкітап, 2002
7. К.К.Куланова, У.С.Маршыбаева, К.К.Алимбетова Дошкольная физическая культура - Астана, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2010, 302с.
8. Гордеев А.Т. Детские игры. Пермь, 1992.
9. Минский Е.М. Игры и развлечения в ГПД. М., 1980.
10. Уланова Л.А., Иордан С.О. Методические рекомендации по организации и проведению прогулок для детей 3-7 лет.
11. Галигузова Л.Н. Первые шаги: Развитие игровой деятельности. Игры и занятия с детьми 1-3 года. Методическое пособие для родителей и воспитателей. - М.: Мозаика - Синтез, 2008.
12. Григорьева Г.Г., Кочетова Н.П., Груба Г.В. Играем с малышами: Игры и упражнения для детей раннего возраста. Пособие для воспитателей ДОУ и родителей /Г.Г. Григорьева, Н.П. Кочетова, Г.В. Груба. – М.: Просвещение, 2007.
13. Литвинова М.Ф. Подвижные игры для детей раннего возраста. – М.: Линка – Пресс, 2005.
14. Ермакова С.О. Пальчиковые игры для детей от года до трех лет. – М.: Рипол Классик, 2007.
15. Кислинская Т.А. Гениальность на кончиках пальцев: Развивающие игры – потешки для детей от 1 года до 4 лет. – М.: Генезис, 2009.
16. Галигузова Л.Н., Мещерякова С.Ю. Первые шаги: Физическое развитие в раннем возрасте. Методическое пособие для родителей и воспитателей. – М.: Мозаика – Синтез, 2008.

Мазмұны

1	Түсіндірме жазба	3
2	Жеке оқыту бойынша бағдарламаның мазмұны	5
3	Ата-аналарға хат	18
4	Әдебиеттер тізімі	21

Разработана на базе республиканского центра «Дошкольное детство»
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Программа для родителей, имеющих детей дошкольного возраста,
неохваченных дошкольными организациями / – Астана, 2016. – 19 стр.

Рецензенты: Т.С. Сламбекова к.п.н, доцент
Г.Х. Алимова заведующая
М.О. Акжигитова методист

Программа для родителей, имеющих детей дошкольного возраста,
неохваченных дошкольными организациями разработана в соответствии с
требованиями Государственного общеобязательного стандарта дошкольного
воспитания и обучения, основными положениями возрастной психологии и
дошкольной педагогики. Программа рекомендована родителям, специалистам
дошкольных организаций и студентам гуманитарных колледжей и ВУЗов.

Рекомендовано научно-методическим советом Республиканского центра
«Дошкольное детство» протокол №4 от 13 мая 2016 года.

Республиканский центр
«Дошкольное детство», 2016

Пояснительная записка

Вопросы развития детей дошкольного возраста неразрывно связано со стратегией национального развития и являются неотъемлемой частью государственной политики Республики Казахстан. Дошкольный возраст является чрезвычайно важным для формирования интеллекта, личности, социального и эмоционального развития человека. Дошкольное воспитание и обучение - первый уровень системы непрерывного образования в создании условий для развития личности ребенка способствует успешной адаптации в постоянно меняющемся мире.

Создание Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения (№ 292 от 13 мая 2016 года) продиктовано следующими факторами:

